

Сауатсыздықпен күрес және білім беру жүйесінің қалыптасуы

20-40 жж Қазақстанның қоғамдық-саяси
өмірі мен мәдениеті

XX ғасырдың бас кезінде өлке халқының негізгі көпшілігі оқи да, жаза да алмады. Соңдықтан революциядан соң бірден ересектерді оқыту үшін мектептер мен курстар ашыла бастады.



1920 жылы РКФСР ХКК-нің шешіміне орай өлкелік Халық ағарту бөлімдерінің жанынан сауатсыздардың есебін алуды ұйымдастырумен, педагог мамандарды даярлаумен, курстар мен мектептерді ашумен, оқу құралдарын басып шығарумен шұғылданатын сауатсыздық жөнінде комиссиялар құрылды. 1924 жылдың қаңтар айында Қазақстанда "Сауатсыздық жойылсын" ұйымын құру жөнінде жұмыстар жүргізілді. 1924 жылдың 17 ақпанда өткен алғашқы ұйымдастырушылық жиналыста Қазақстандағы сауатсыздықты жою ұйымы (СЖҰ) рәсімделді [1]. Олардың негізгі мақсаты сауатсыздықты жою болғанымен олар жергілікті жерлерде жұмысшы, шаруа, малшылар қатарын социалистік құрылысқа тартумен және сауатсыз село халқын бар күш жігері мен қаражаттарын қоғамдық іске жұмсауға үйрету сияқты коммунистік идеологияның принциптерін насихаттаумен де айналысты.

